



«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН


Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма Төрағасы - Ректор
С.Идрисов
25 » маусым 2024 ж

**«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

№ 225

Атырау 2024 ж

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ»	Басылым: бірінші
	«ЖАНАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет, 9-беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы	Д.У.Айтмұханова		24.06.2024
Келісілді	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры	Л.Е.Койшигулова		24.06.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		24.06.2024
	Заңгер	К.С. Қуанов		24.06.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ»	Басылым: бірінші
	«ЖАНАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет, 9-беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Қысқартулар және белгілер	4
4	Негізгі терминдер мен анықтамалар:	4
5	Негізгі міндеттері	5
6	Негізгі қызметі	6
7	Ұйымдық құрылымы	7
8	Орталық құқықтары	7
9	Жауапкершілігі	8
10	Танысу парағы	9
11	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ»	Басылым: бірінші
	«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет. 9-беттен тұрады

1	Жалпы ережелер
1.1.	«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы - Университет аясында ПОҚ құрамын, білім алушылардың арасындағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастырудың іс– шараларын ұйымдастыру және білім алушылар арасында құқықтық сананы қалыптастыру деңгейінде шараларды ұйымдастыру және әдістемелік қолдау көрсету, ақпараттық қамтамасыз ету және білім алушылар арасында қызмет көрсету аясында құқықтық сауаттылықты жетілдіру үшін әдістемелік қамтамасыз ету сның нәтижелерін талдау бойынша іс шараларды ұйымдастыру мақсатында құрылады.
1.2	«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы - сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.
1.3	Ереже университеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бірыңғай, жүйелі тәсілін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.
1.4	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және әдістемелік қолдау бойынша қағидаттардың орындалуын қамтамасыз етеді.
2	Нормативтік сілтемелер
2.1	Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 23.03.2019 жылғы жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген);
2.2	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы (2020.01.01. Берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
2.3	"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы №319 - III Заңы (11.01.2020 жылғы жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен).
2.4	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары 2016 жылғы 21 қарашадағы № 14441.
2.5	Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты университеттің ішкі құжаттары;
3	Қысқартулар және белгілер
	СМК – сапа мониторингі кеңсесі;
	ББ – білім беру бағдарламасы;
	ПОҚ – профессор оқытушылар құрамы;
4	Негізгі терминдер мен анықтамалар:
4.1	Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенеістірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;
4.2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру,

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ»	Басылым: бірінші
	«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет, 9-беттен тұрады


	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жсю жөніндегі қызметі;
4.3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
4.4	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
4.5	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
4.6	Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;
5	Негізгі мақсаты мен міндеттері
5.1	Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру бойынша; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша профилактикалық іс-шараларды әдістемелік қамтамасыз ету; - білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік жағдайларын жасау бойынша әдістемелік қолдауды ұйымдастыру.
5.2	Сыбайлас жемқорлық көріністеріне уақтылы ден қою және олардың теріс салдарларының алдын алу шараларын қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу
5.3	Сауалнама және әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің жай-күйіне мониторинг және талдау
6	Негізгі қызметі
6.1	«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы - - Университет аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі мақсаты университетте кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу, қызметкерлер мен оқытушылар құрамының құқықтық сауаттылығын одан әрі арттыру және университет қызметінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті " КеАҚ»	Басылым: бірінші
	«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет, 9-беттен тұрады

	мүлдем төзбеушілікті қалыптастырудың әдістемелік ұсыныстарын әзірлеуді ұйымдастырады.
6.2	Білім беру, педагогикалық, ғылыми және басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету сапасын арттыру және «Әкімшілік – қызметкер – оқытушы – студент» өзара әрекеттесу жүйесінде бюрократиялық кедергілерді болдырмау үшін барлық шараларды тұрақты түрде әдістемелік қолдауды ұйымдастыру
6.3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты және сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі мен оның зардаптарын түсінуді қамтамасыз ету, кез келген нысандардан тұрақты және толық бас тартуды қалыптастыру үшін ұжым мүшелерінің және білім алушылар арасында үгіт-насихат жұмыстары арқылы жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды әдістемелік қолдау жүргізу
6.4	Сыбайлас жемқорлық көріністеріне дер кезінде ден қою және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу
6.5	Университет қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және одан әрі дамытудың тетіктері бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу
7	Ұйымдық құрылымы
	Орталық штатының құрамы: жетекші маман.
8	Орталық құқықтары
8.1	Орталық - өз құзыреті шеңберінде мониторинг нәтижелерін оңтайландыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Университеттің қызметін үйлестіру және жетілдіру бойынша әдістемелік талдау және ұсыныстар әзірлеу
8.2	Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес әдістемелік қолдауды жүзеге асыру
8.3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу тәртібін айқындау; - тексеру барысында сыбайлас жемқорлық белгілерін анықтау және жою бойынша ақпараттық профилактиканы ұйымдастыру
8.4	Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімсіздігі мен орталық қызметінің тиімділігіне әдістемелік талдау жүргізу
8.5	Ішкі нормативтік құжаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан талдау бойынша әдістемелік жұмыс жүргізу, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.
8.6	Ережеге енгізілетін өзгерістер университет басшылығының рұқсатымен жүзеге асырылады, бекітіледі
8.7	Түпнұсқа жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
8.8	Осы Ережеге Университет ішіндегі ағымдағы өзгерістерді және өзге де жағдайларды ескере отырып, университет стратегиясының өзгерістеріне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
8.9	Ережені университет басшылығы қажет болған жағдайда қайта қарайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ»	Басылым: бірінші
	«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет, 9-беттен тұрады

8 10	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
	- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
	-Басқарма Төрағасы -ректордың бұйрықтары;
	-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
	- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы
	-құрылымдық бөлім мен университет басшылығының рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
	Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады
9	Жауапкершілігі
9.1	Осы ереженің орындалуы барысындағы жауапкершілік жетекші маманға жүктеледі
	Белгіленген жауапкершілік бойынша өз міндеттерін адал атқаруға міндетті
	Жетекші маман өз міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыру барысында осы ереженің орындалуына жауапты болады.
	Ережені Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігін СМК бөлімі жүзеге асырады.



Бәсiтiм: бiрiншi

8-бет, 9-беттен тұрады

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]